

**Қаржы ұйымдарының, эмитенттердің, бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін мамандарды оқытуды жүзеге асырушы ұйымдардың қызметіне тексеру жүргізу ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 110 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 12 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2845. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 114 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 114 қаулысымен .*

*-----Қаулыдан үзінді-----*

*Нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы қаулы етеді :*

*1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қаржы ұйымдарының, эмитенттердің, бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін мамандарды оқытуды жүзеге асырушы ұйымдардың қызметіне тексеру жүргізу ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 110 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2845 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.*

*2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізілді.*

*...*

### *Т ө р а ғ а*

*"Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының , 1-тармағының 8) тармақшасына және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 108-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы қаулы етеді:*

*1. Қаржы ұйымдарының, эмитенттердің, бағалы қағаздар рыногында жұмыс*

істейтін мамандарды оқытуды жүзеге асырушы ұйымдардың қызметіне тексеру жүргізу ережесі (осы ереженің 1-қосымшасы) бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күндік мерзімде қолданысқа енеді.

3. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілер күшін жойды деп танылсын.

4. Банктерді қадағалау департаменті (Раева Р.Е.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Б а н к і н е ж і б е р с і н .

5. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің қызметін қамтамасыз ету департаменті осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз басылымдарында жариялау шараларын қ о л ғ а а л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының "Қаржы ұйымдарының, эмитенттердің, бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін мамандарды оқытуды жүзеге асырушы ұйымдардың қызметіне тексеру жүргізу ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 110 қаулысына 1-қосымша

**Қаржы ұйымдарының, эмитенттердің, бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін мамандарды оқытуды жүзеге асырушы ұйымдардың қызметіне тексеру жүргізу ережесі**

Осы Ереже "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) қаржы ұйымдарының, эмитенттердің, бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін мамандарды оқытуды жүзеге асырушы ұйымдар қызметінің Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу тәртібін белгілейді.

Осы ереже шетелдік қолма-қол валютамен айырбастау операцияларын жүзеге асырушы ұйымдарға және клиринг ұйымдарына қолданылмайды.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қаржы ұйымдарының, эмитенттердің, бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін мамандарды оқытуды жүзеге асырушы ұйымдардың (бұдан әрі - ұйымдар) қызметін тексеруді уәкілетті органның бірінші басшысы немесе оның орынбасары қол қойған тапсырма негізінде уәкілетті орган жүзеге асырады.

Уәкілетті орган қаржы ұйымдарын тексерген кезде қажет болса мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың қызметкерлерін тарта алады.

2. Тапсырмада: тексеруді белгілеген органның атауы, тапсырманың күні және тіркеу нөмірі, тексерілуші ұйымның атауы, мекен-жайы және салық төлеушінің тіркеу нөмірі, тексерудің түрі және мақсаты, оның өткізілу мерзімі, инспекциялық топ басшысының қызметі, аты-жөні, инспекциялық топтың құрамы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау өкілеттігі көрсетіледі.

3. Уәкілетті орган ұйымдардың қызметіне жасалғалы отырған тексеру туралы оларға жазбаша хабарлайды. Ұйым тексеру туралы жазбаша хабарламада көрсетілген қажетті құжаттарды дайындайды және оларды тексеру жүргізудің басында инспекциялық топқа ұсынады.

Екі данадағы хабарлама ұйымға жіберіледі, ұйымның хабарламаны алғандығы жөніндегі белгісі бар бір данасы уәкілетті органға қайтарылады және уәкілетті органның тиісті бөлімшесінде сақталады.

4. Уәкілетті орган өз өкілеттігі шегінде ұйымның бар қызметіне тексеру жүргізеді немесе тапсырмада көрсетілген мерзімде жекелеген мәселелер бойынша тексереді.

5. Уәкілетті органның бірінші басшысы немесе оның орынбасары қажет болған жағдайда қосымша тапсырмамен тексеру жүргізудің мерзімін ұзартады, назарда ұстау үшін ұйымға ол туралы хабарлама жібереді.

### **2-тарау. Тексеру жүргізу**

6. Ұйым тексеру жасалған күннің ертеңінен кешіктірмей инспекциялық топ басшысының атына мынадай деректері бар хат жібереді:

1) тексеру жүргізуді қамтамасыз ететін басшы және оның орнындағы адам т у р а л ы ;

2) қажетті құжаттарды (мәліметтерді) дайындауға жауапты ұйымның мамандары туралы, олардың инспекциялық топқа уақтылы берілуі және инспекциялық топтан аралық есепті алуы туралы.

7. Ұйым өзінің әкімшілік үйіне инспекциялық топтың кіруіне рұқсат береді және жұмыс істеу үшін жеке үй-жай береді, өз қызметкерлерінің инспекциялық топ мүшелерінің сұрақтарына түсіндірулер (ауызша және жазбаша) беруді қамтамасыз етеді, ұйым қызметіне, оның ішінде автоматтандырылған жүйелерге және деректер базасына қатысты ақпараттарды алуға рұқсат етуге, инспекциялық топтың қажет құжаттардың көшірмелерін алуына, сондай-ақ инспекциялық топтың тексеруді уақтылы аяқтауына ықпал етеді.

8. Инспекциялық топ ұйымнан барлық қажетті құжаттарды, оның ішінде тексеру қорытындылары туралы аралық және жиынтықты есепті беруге қажет болатын көшірмелерді алады. Инспекциялық топтың басшысы ұйым басшысына көрсетілген мерзімде орындалуы тиіс жазбаша сұратулар жібереді.

9. Инспекциялық топтың мүшелері тексеру жүргізу кезінде ұйымнан алынған құжаттардың сақталуын және ондағы ақпараттардың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

10. Инспекциялық топ тексерілген мәселелердің көлеміне қарай ұйымға қарауға берілетін аралық есептерді жасайды. Аралық есептерге орындаушы және инспекциялық топтың басшысы қол қояды.

11. Ұйымның аралық есептің мазмұнына ескертулері болған жағдайда аралық есепті алған күннен бастап төрт жұмыс күні өткеннен кейін ол өз жазбаша қарсылығын білдіреді. Аралық есептерде берілген қорытындылар алдын-ала жасалған болып табылады және ұйымнан, оның ішінде үшінші тұлғалардан алынған қарсылықтар мен қосымша ақпараттарды ескере отырып, тексеру қорытындысы туралы жиынтық есеп қайта қаралуы мүмкін.

12. Тексеру аяқталған соң отыз күнтізбелік күн ішінде ұйымның бірінші басшысының атына тексеру жетекшісі және тікелей басшы қол қойған тексеру қорытындысы туралы жиынтық есептің екі данасы жіберіледі.

13. Бірінші басшы (орынбасар), не ұйымға тексеру жүргізуді қамтамасыз етуге жауапты басшы тексеру қорытындысы туралы жиынтық есептің бірінші данасын қабылдайды, есептің екінші данасының әр бетіне қол қояды, соңғы бетіне оның қабылданған күнін, қызметін, аты-жөнін көрсетіп қол қояды және тексеру қорытындысы туралы жиынтық есепті алған күннен бастап келесі күннен кешіктірмей оны уәкілетті органға жібереді. Ұйым тексеру қорытындысы туралы жиынтық есепте жазылған тексеру қорытындысын атқарушы органға немесе басқа ұйымдарды басқару органдарына жібереді.

14. Тексеру қорытындысы туралы жиынтық есепте жазылған тексеру қорытындысы бойынша қарсылық болған жағдайда ұйым тексеру қорытындысы туралы жиынтықты есепті алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оны уәкілетті органға жазбаша ұсынады.

15. Тексеру қорытындысы туралы жиынтық есепте жазылған ұйымды тексеру қорытындылары уәкілетті орган бөлімшесі басшысының немесе оның орынбасарының төрағалық етуімен, ұйым басшысының қатысуымен өтетін мәжілісте қаралуы мүмкін.

16. Тексеру қорытындысы туралы жиынтық есепте жазылған ұйымды тексеру қорытындылары жекелеген жағдайларда уәкілетті орган бөлімшесі басшысының немесе оның орынбасарының төрағалық етуімен өтетін мәжілісте қаралуы мүмкін.

17. Мәжіліс қорытындысы мәжіліс төрағасының қолы қойылған хаттамамен ресімделеді және қол қойылған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде танысу үшін ұйым басшысына жіберіледі. Ұйым қарсылық болған жағдайда мәжіліс хаттамасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны уәкілетті органға ж а з б а ш а т ү р д е жі б е р е д і .

Уәкілетті орган ұйымның хаттамаға қарсылығымен келіспеген жағдайда, түпкілікті шешімді уәкілетті органның бірінші басшысы немесе оның орынбасары қабылдайды.

18. Тексеру қорытындылары уәкілетті органның өз қызметін орындау мақсаты үшін ғана пайдаланылуы тиіс болып табылады.

19. Тексеру қорытындысы туралы жиынтық есепті ұйым өзінің қаржылық қызметін растау үшін жарнамалық және басқа мақсаттарға, сондай-ақ уәкілетті органның келісімінсіз үшінші тұлғаға, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда пайдалануға беруі мүмкін емес.

20. Ұйымның уәкілетті органға берген қаржылық және басқа есеп берулеріндегі құжаттамалық деректерінде алшақтықтар болған кезде ұйым тексеру қорытындысы туралы жиынтық есебінде келтірілген мәліметтермен бірге уәкілетті органның нұсқауы бойынша өз есеп беруін жиынтықты есеп қорытындыларымен, сонымен бірге осының алдындағы есепті күнмен сәйкестендіреді.

21. Ұйым уәкілетті орган белгілеген мерзімде тексеру кезінде анықталған тәртіп бұзулар мен кемшіліктерді жою жөнінде жоспарланған шаралар мен жауапты орындаушылар туралы іс-шаралар жоспарын келісуге ұсынады. Іс-шаралар жоспары уәкілетті органмен келісілген соң ұйым тәртіп бұзулар мен кемшіліктерді жою жөніндегі есепті, не іс-шаралар жоспары бойынша өзі қабылдаған міндеттемелерді орындамау себептері туралы түсіндірулер береді.

22. Уәкілетті орган анықталған тәртіп бұзу фактілеріне байланысты ұйымға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санкциялар мен ықпал ету шараларын қабылдайды.

23. Ұйым құжаттарды, ақпараттарды инспекциялық сұратуларда көрсетілген мерзімде беруден бас тартқан жағдайда, тексеруді тапсырмада белгіленген мерзімде өткізу мүмкін болмай қалып, осы ереженің 7, 8 тармақтарының талаптары орындалмай қалған жағдайда, бұл туралы уәкілетті органның бірінші басшысының немесе оның орынбасарының жазбаша хабарламасынан соң тексеру жетекшісінің шешімімен тексеру тоқтатылуы мүмкін.

### **3-тарау. Қорытынды ережелер**

24. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен шешіледі.

Қазақстан Республикасының Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу  
мен қадағалау жөніндегі агенттігі  
Басқармасының "Қаржы ұйымдарының,  
эмитенттердің, бағалы қағаздар  
рыногында жұмыс істейтін мамандарды  
оқытуды жүзеге асырушы ұйымдардың  
қызметіне тексеру жүргізу ережесін  
бекіту туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі  
N 110 қаулысына 2-қосымша

**Күшін жойды деп танылған нормативтік  
құқықтық актілердің тізбесі**

Мына нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын инспекциялау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 23-қыркүйектегі N 306 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 982 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Республики Казахстан" басылымдарында 2000 жылғы 1-16 қаңтар аралығында жарияланған);

2) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Бағалы қағаздар эмитенттерінің қызметіне тексеру жүргізу тәртібі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 30-қыркүйектегі N 442 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 922 тіркелген, "Рынок ценных бумаг Казахстана" журналының 1999 жылғы қазандағы санында

3) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің алған лицензияларының және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының талаптарының сәйкестігіне тексеру жүргізу тәртібі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 30-қыркүйектегі N 443 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 923 тіркелген, "Рынок ценных бумаг Казахстана" журналының 1999 жылғы қазандағы санында жарияланған, N 10);

4) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитет Төрағасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларын инспекциялауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 8-қаңтардағы N 2-Б бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1392 тіркелген, "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетені", 2001 жыл, N 14);

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктердің қызметін инспекциялау (тексеру) жүргізуіне қойылатын негізгі талаптары жөніндегі ережені бекіту туралы" 2001 жылғы 20-сәуірдегі N 114 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1594 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Республики Казахстан" басылымдарында 2001 жылғы 27-тамыз - 9-қыркүйек аралығында жарияланған);

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын инспекциялау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 23-қыркүйектегі N 306 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 30 қаңтардағы N 15 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2189 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Республики Казахстан" басылымдарында 2003 жылғы 24-ақпан-9-наурыз аралығында жарияланған).